

**Зеленов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 тамыздағы № 672 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 қыркүйекте № 4024 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қарашадағы № 907 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 06.11.2015 № 907 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңына және "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 Қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеленов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы бекітілсін.
2. Зеленов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары бекітілсін.
3. "Зеленов аудандық білім беру бөлімі" және "Зеленов ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемелер қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Аудан әкімі аппаратының басшысы (М. Залмұқанов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Т. Досжановқа жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К. Жақыпов*

## Зеленов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

№	Қозғалыс бағыты	Аралықтығы
1	Чиров ауылы – Балабанов ауылы	6 км
2	Раздольное ауылы – Красный Свет ауылы	9 км
3	Янайкин ауылы – Скворкин ауылы	15 км
4	Янайкин ауылы – Богатск ауылы	10 км
5	Махамбет ауылы – Горбуново ауылы	12,5 км
6	Щапов ауылы – Жаңатаң ауылы	9 км
7	Белес ауылы – Ақжол ауылы	5,1 км
8	Трекин ауылы – Жайық ауылы	10 км
9	Чеботарев ауылы – Хамин ауылы	8 км
10	Көшім ауылы – Владимировка ауылы	4,7 км
11	Көшім ауылы – Кіші Шаған ауылы	4 км
12	Мичурин ауылы – Зеленое ауылы	13 км
13	Мичурин ауылы – Октябрьск ауылы	17 км
14	Чувашинск ауылы – Красный Урал ауылы	19,5 км
15	Шалғай ауылы – Карпов ауылы	20 км
16	Шалғай ауылы – Талов ауылы	22 км
17	Макаров ауылы – Мирное ауылы	7 км
18	Макаров ауылы – Факел ауылы	5 км
19	Макаров ауылы – Садовое ауылы	9 км
20	Асан ауылы – Октябрьск ауылы	17 км
21	Асан ауылы – Зеленое ауылы	13 км
22	Асан ауылы – Жамбыл ауылы	15 км
23	Январцев ауылы – Спартак ауылы	12 км
24	Январцев ауылы – Кирсанов ауылы	20 км
25	Январцев ауылы – Петров ауылы	12 км
26	Январцев ауылы – Чинарев ауылы	28 км
27	Погодаев ауылы – Астафьев ауылы	16,5 км
28	Погодаев ауылы – Котельников ауылы	7 км
29	Погодаев ауылы – Кожевников ауылы	36 км
30	Погодаев ауылы – Чапурин ауылы	9 км
31	Погодаев ауылы – Павлов ауылы	25 км
32	Переметное ауылы – Мунайшы ауылы	6 км
33	Калининское ауылы – Озерное ауылы	26 км
34	Калининское ауылы – Қаражар ауылы	11 км
35	Калининское ауылы – Поливное ауылы	7 км

Аббревиатураның толық жазылуы:

км – километр.

Зеленов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 18 тамыздағы  
№ 672 қаулысымен бекітілген

## **Зеленов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Зеленов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидасы (бұдан әрі – Қағида) " Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысына және "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 Қаулысына сәйкес әзірленген және Зеленов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

### **2. Балаларды тасымалдау тәртібі**

2. Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға жауап беретін автобустармен жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген төрт бұрыш айыратын белгісі орнатылады.

Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде жасы кемінде жиырма бесте, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар жүргізушілердің тасымалдауына рұқсат етіледі.

Автобус шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс.

3. Оқу орындарында тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы

Зеленов ауданы әкімдігімен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

4. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

5. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

6. Балалар топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауы керек.

7. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

8. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасады.

9. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда

ғана орындауы мүмкін.

10. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

11. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналар рұқсат етілмейді:

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе құрал жабдықтарды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.